

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шұғыл айналыстағы вексельдері мен вексельдік міндеттемелерін қазынашылық облигацияларға айналдыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 ақпандағы N 178

"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 U952700_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін, кәсіпорындар мен ұйымдардың 1994 жылғы өзара қарыздарының ішкі республикалық есептемесін аяқтау және шаруашылық жүргізуші субъектілер алдындағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шұғыл айналыстағы вексельдері мен вексельдік міндеттемелері бойынша бюджеттік берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ішкі республикалық есептеменің қорытындысы бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілерге берілген Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің шұғыл айналыстағы вексельдері мен вексельдік міндеттемелері 1996 жылдың 1 ақпанына дейін 1000 теңгеге тең бастапқы құны бойынша қазынашылық облигацияларға айналдырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсатқа қарастырылған сома шеңберінде, оларды шығарудың шарттарына сәйкес қазынашылық облигациялардың 1996 жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірілмей уақытылы өтеуін қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі